Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 177-178

# ТОПОЛИН», «ТЕТРОГИДРОВИТ» ЖӘНЕ ЗООДЭНС АППАРАТЫНЫҢ ҚҰС ЕТІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ АҚЗАТТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

***Құрманова Г.Г., Майқанов Б.С., Нұртаева А.Б.***

Тағам құрамындағы ақзаттың құндылығын анықтаудың биологиялық тәсілдері ішінде, ең сенімдісі, ақзаттың жас организмнің өсуіне тигізетін әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Біздің зерттеулеріміз С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің «Ветеринариялық клиникасында» жүргізілді. Зерттеу үшін қолданылған 40 тауық «Ақмола Феникс» құс фабрикасынан және 28 ақ егеуқұйрықтар клиникадан алынды.

Зерттеуге қолданған Тополин препаратының сұйықтығы-тұтқыр, қоңыр-сары түсті, мөлдір сұйықтық, спиртте, ацетонда, эфирде ериді, сумен эмульсия түзеді. Препараттың құрамына органикалық және май қышқылдар, полифенолдар, көмірсулар, микроэлементтер, йод, витаминдер (А, С, Р), амин қышқылдар және биологиялық белсенділікке ие басқа қосылыс класстары кіреді. Тауықтар үшін тәулігіне 1 мл/1 кг салмағына.

Тетрогидровит препаратын біз салыстырмалы түрді қолдандық. Бұл препарат Рессейде дайындалып шығарылады, ол-сұйық витаминделінген зат. Өсі стимуляторы болып табылады, құрамында В тобының витаминдері және макро, - микро элементтер кіреді. Тауықтар үшін тәулігіне 1 мл/1 кг тірі салмағына, яғни азыққа 2-3 мл қосып бердік.

ЗооДЭНС аппараты жарақан немесе зақымданудың тура проекциясына емдік емдік әсерін тигізу үшін, зақымданған ішкі органдардың тура проекциясына, жануарлардың рефлексогенді және биологиялық белсенді аймақтар мен нүктелеріне қолдандық. Тікелей төменгі жиіліктегі тоқтың қысқа импульсымен әсер етіп, электрод астындағы аймақта теріні тітіркендіреді.

Тәжірибеге сау, тополин, тетрогидровит және ЗооДЭНС қолданған топтардағы тауықтар етінің ақзатының тиімділік коэфициентін анықтау үшін 28 зертханалық жануарларға (ақ егеуқұйрықтарға) тәжірибе жүргіздік. Ол үшін массалары шамалас аталық ақ егеуқұйрықтарды 5-ден, 4 топқа бөліп азықтандырдық. Бірінші топқа – тополин препаратын берген тауық етін, екінші топқа – тетрогидровит препаратын берген тауық етін, үшінші топқа – ЗооДЭНС аппаратын қолданған тауық етін, төртінші топқа – халықаралық стандарт ретінде жұмыртқа ақзаты қосылған қоспа берілді. Азыққоспасы ақзаттиімділігін анықтау жөніндегі "Методические рекомендаций по определению биологической ценности продуктов животного происхождения" (1976) атты ұсынысқа сәйкес орындалды.

Күн сайын тәжірибедегі жануарларға клиникалық, ветеринариялық қадағалау жүргізіле отырып, әр ақ егеуқұйрықтың массасы үш күн сайын өлшеніп отырды.

Тәжірибе барысында әрі ақ егеуқұйрықтардың күніне 8,14±0,02-10,28±0,05 шамасында азық жеді, ал пайдаланған ақзат мөлшері 0,83±0,03-0,99±0,02 болды. 21 күн ішінде ақ егеуқұйрықтардың масса қосуы 46,6±0,02-62,5±0,03гр шамасында болып, белоктың тиімділігі 2,13±0,03-2,58±0,04 аралығын құрады.

Жүргізілген тәжірибені қорытындылайтын болсақ, Тополин және тетрогидровит, ЗооДЭНС қолданған тауық еті ақзатының тиімділігі оның сау тауық етіне және жұмыртқа ақзатының тиімділігіне қарағанда біршама жоғарылағаны байқалды. Тәжірибе барысында ақ егеуқұйрықтардың тіршілігінде, азық пайдалануда және басқада клиникалық ауытқушылықтар байқалмады. Азықтандыру мерзімі аяқталған соң барлық ақ егеуқұйрықтар сойылып, патологиялық өзгерістерге тексерілді, тексеру нәтижесінде айтарлықтай өзгерістер байқалмады.